

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КӨЛІК МИНИСТРЛІГІНІҢ
АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАР КОМИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО ТРАНСПОРТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КОМИТЕТ АВТОМОБИЛЬНЫХ ДОРОГ**

ВЕДОМСТВОЛЫҚ НОРМАТИВ

ВЕДОМСТВЕННЫЙ НОРМАТИВ

ДИАГНОСТИКАЛАУ ЖӘНЕ ПАСПОРТТАУ

ҚР ВН 7.1-002-2025

ДИАГНОСТИКА И ПАСПОРТИЗАЦИЯ

ВН РК 7.1-002-2025

Ресми басылым

Издание официальное

Астана 2025

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КӨЛІК МИНИСТРЛІГІНІҢ
АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАР КОМИТЕТІ**

ВЕДОМСТВОЛЫҚ НОРМАТИВ

ДИАГНОСТИКАЛАУ ЖӘНЕ ПАСПОРТТАУ

ҚР ВН 7.1-002-2025

Ресми басылым

Астана 2025 ж.

Алғы сөз

1 ӘЗІРЛЕДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗДІ

«Қазақстан жол ғылыми-зерттеу институты» акционерлік қоғамы
(«ҚазжолҒЗИ» АҚ)

**2 БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ
ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі
Автомобиль жолдары комитеті
Төрағасының м.а. 2025 жылғы
«04» желтоқсандағы №120 бұйрығы

3 КЕЛІСІЛДІ

«ҚазАвтоЖол» Ұлттық компаниясы»
акционерлік қоғамының 2025 жылғы
«11» қарашадағы № 03-01/09-01/3909-И
хаты

«Жол активтері сапасының ұлттық
орталығы» шаруашылық жүргізу
құқығындағы Республикалық мемлекеттік
кәсіпорынның 2025 жылғы «17» қазандағы
№ 03-02/665 хаты

4 ОРНЫНА ЕНГІЗІЛГЕН

ҚР ЕР 218-27-2014 «Автомобиль
жолдарының көліктік-пайдалану жай-күйін
диагностикалау және бағалау бойынша
нұсқаулық»,
ҚР Ұ 218-28-2016 «Жалпы қолданыстағы
автомобиль жолдарын паспорттау
бойынша нұсқаулық»

*Құжат нормативтік техникалық құжаттардың Бірыңғай мемлекеттік қорында
(<https://new-shop.ksm.kz/egfntd/ntdgo/>), сондай-ақ «RNBase» – <https://rnbase.qazjolgzi.kz>
электронды деректер базасында қол жетімді.*

Осы ведомстволық нормативті Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің
Автомобиль жолдары комитетінің рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара ресми
басылым ретінде көшіруге, таратуға және басып шығаруға болмайды.

МАЗМҰНЫ

1 Қолдану саласы	1
2 Нормативтік сілтемелер	1
3 Терминдер мен анықтамалар	2
4 Жалпы ережелер	3
5 Автомобиль жолдары мен жол құрылыстарында диагностикалау жұмыстарының тәртібі	6
5.1 Жұмыстарды орындалу кезеңдері	6
5.2 Ұйымдастыру және дайындық жұмыстары	7
5.3 Бастапқы ақпаратты жинау	7
5.4 Дала жұмыстары	8
6 Автомобиль жолдарының көліктік-пайдалану жай-күйін бағалау әдістемесі	12
7 Қосымша дала жұмыстары	14
7.1 Қозғалыс қарқындылығы мен көлік ағынының құрамын есептеу	14
7.2 Автомобиль жолы элементтерінің геометриялық параметрлерін бағалау	14
7.3 Жол және жол бойындағы сервис объектілерімен қамтамасыз ету бойынша ақпарат жинау	15
7.4 Жол-көлік оқиғалары (ЖКО) шоғырланған аумақтарды зерттеу	15
7.5 Су өткізгіш құбырларды зерттеу	15
7.6 Көпір құрылыстарының техникалық жай-күйін диагностикалау және бағалау жұмыстарын ұйымдастыру	17
7.7 Көпір құрылысына арналған техникалық құжаттаманың құрамы	19
7.8 Көпір құрылысының техникалық жай-күйін бағалауды анықтау әдістемесі	22
8 Автомобиль жолдарын паспорттау шеңберіндегі жұмыстардың тәртібі	23
8.1 Бағдарламалық жасақтамасы бар жылжымалы зертхананың көмегімен паспорттау жұмыстарын жүргізу	23
9 Автомобиль жолдарындағы туннельдерді диагностикалау және паспорттау	25
9.1 Зерттеу жүргізуге дайындық жұмыстары	25
9.2 Зерттеу әдістемесі. Ақаулар номенклатурасы	26
9.3 Қосымша жұмыс түрлері	32
9.4 Қауіпті ақаулары бар конструкциялардың жүк көтергіштігін есептеу және болжау	33
9.5 Ақаулар тізімдемесін жасау	35
9.6. Туннельдің техникалық жай-күйін бағалау әдістемесі, техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарының сыныптамасы	36
9.7 Техникалық диагностикалау нәтижелері бойынша қорытынды	37
9.8 Автожол туннелінің техникалық паспорты	37
10 Диагностикалау және паспорттау деректерін жол деректер базасымен біріктіру	39
11 Жұмыстар жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасы	40
А қосымшасы (<i>міндетті</i>) Автомобиль жолдары мен жасанды құрылыстарды диагностикалық зерттеуге бойынша ақпаратты ұсыну нысандары (АҰН 1-35)	42
Б қосымшасы (<i>міндетті</i>) Құбырға арналған жұмыс көлемі және материалдардың шығыны	80
В қосымшасы (<i>міндетті</i>) Құбыр ақаулары түрлерінің номенклатурасы және оларды жою жұмыстары	82
Г қосымшасы (<i>міндетті</i>) Аралық құрылыстардың каталогы	84
Д қосымшасы (<i>міндетті</i>) Қазақстан жолдарында көпір салу кезінде қолданылатын аралық құрылыстардың арқалықтарының сипаттамалары	86

ҚР ВН 7.1-002-2025

Е қосымшасы (<i>міндетті</i>) Жағалық (шеткі) тіректердің негізгі типтері	91
Ж қосымшасы (<i>міндетті</i>) Аралық тіректердің негізгі типтері	95
К қосымшасы (<i>міндетті</i>) Жұмыстар анықтамалығы	99
Л қосымшасы (<i>міндетті</i>) Автожол туннельдерін зерттеуге арналған негізгі аспаптардың, құралдар мен жабдықтардың ұсынылатын тізімі	109
М қосымшасы (<i>міндетті</i>) Туннель паспортының нысандарын толтыруға арналған кестелер	143
Н қосымшасы (<i>міндетті</i>) Жол (учаске) паспортының және сызықтық кестенің нысаны	156
П қосымшасы (<i>міндетті</i>) Аунақ (білікті) тірек бөліктерін зерттеу кезінде есептеулерді орындау тәртібі	166
Р қосымшасы (<i>міндетті</i>) Көпірлер (өтпезолдар) ақауларының анықтамалығы	167
С қосымшасы (<i>міндетті</i>) Көпір (өтпезол) паспортының нысаны	215
Библиография	219

1 Қолдану саласы

1.1 Осы ведомстволық норматив Қазақстан Республикасындағы жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын, оның ішінде жасанды құрылыстар мен инфрақұрылым объектілерін диагностикалауға және паспорттауға қойылатын бірыңғай талаптарды белгілейді. Құжат автомобиль жолдарын диагностикалау бойынша далалық және камералдық жұмыстарды жүргізу тәртібін, автомобиль жолдары мен жасанды құрылыстарды паспорттау жөніндегі жұмыстарды орындау қағидаларын, автомобиль жолы мен жол құрылысының техникалық паспортының құрылымы мен күтіміне қойылатын талаптарды, автомобиль жолдарының паспорттарын қалыптастыру, жүргізу және өзектендіру тәртібін, конструкциялардың сақталуын қамтамасыз ету, белгіленген жылдамдықтар мен жүктемелермен көлік құралдарының қауіпсіз жүру жағдайларын қолдау, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптарды орындау мақсатында автожол туннельдерін диагностикалық тексеру тәртібін айқындайды.

1.2 Осы ведомстволық норматив республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының желісіне, сондай-ақ жол құрылыстарына (көпірлер, өтпелі жолдар, туннельдер, су өткізгіш құбырлар және басқа да инженерлік конструкциялар) қолданылады. Құжат автомобиль жолдары мен жол құрылыстарын паспорттауды, жолдардың көліктік-пайдалану жай-күйін диагностикалауды және бағалауды, жөндеу және күтіп-ұстау жөніндегі іс-шараларды жоспарлау мен әзірлеуді, автомобиль жолдары мен жол құрылыстарының техникалық жай-күйі туралы деректер базасын қалыптастыруды және жүргізуді жүзеге асыратын ұйымдардың қолдануына арналған.

1.3 Осы нормативтік құжаттың ережелері жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының құрамына кіретін елді мекендердің көше-жол желісін диагностикалауға және паспорттауға да қолданылады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы ведомстволық нормативті қолдану үшін келесі сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

ҚР СТ 1053-2011 Автомобиль жолдары. Терминдер мен анықтамалар.

ҚР СТ 1219-2017 Автомобиль жолдары мен аэродромдар. Негіздер мен жабындардың тегіс еместігін өлшеу әдістері.

ҚР СТ 1279-2013 Автомобиль жолдары мен аэродромдар. Жол жамылғысының кедір-бұдырын және көлік дөңгелектерінің жол төсемімен ілінісу коэффициентін анықтау әдістері.

ҚР СТ 1293-2019 Автомобиль жолдары мен аэродромдар. Қатты емес типтегі жол төсемелерінің серпімділік модулін анықтау әдісі және оларды жіктеу.

ҚР СТ 1377-2015 Автомобиль жолдары мен аэродромдар. Динамикалық жүктеу қондырғыларымен қатты емес типтегі жол төсемелерінің серпімділік модулін анықтау.

ҚР СТ 1856-2019 Автомобиль жолдарындағы көпір құрылымдары және суөткізгіш құбырлар зерттеуге және сынауға қойылатын талаптар.

ҚР СТ 1912-2023 Автомобиль жолдары және көшелер. Пайдалану жағдайына қойылатын нормалар мен талаптар.

ҚР СТ 2607-2015 Жол жұмыстарын жүргізу орындарында қозғалысты ұйымдастырудың техникалық құралдары. Негізгі параметрлер. Қолдану ережелері.

ҚР СТ 2983-2017. Ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары Геометриялық элементтер Техникалық талаптар.

ҚР ВН 7.1-002-2025

ГОСТ 10180-2012 Бетондар. Бақылау сынамалары бойынша беріктікті анықтау әдістері.

ГОСТ 12248-2010 Топырақтар. Беріктік пен деформациялану сипаттамаларын анықтаудың зертханалық әдістері.

ГОСТ 17624-2021 Бетондар. Беріктікті анықтаудың ультрадыбыстық әдісі.

ГОСТ 20522-2012 Топырақтар. Сынақ нәтижелерін статистикалық өңдеу әдістері.

ГОСТ 22690-2015 Бетондар. Беріктікті бұйбай бақылаудың механикалық әдістерімен анықтау.

ГОСТ 25100-2020 Топырақтар. Жіктеу.

ГОСТ 28570-2019 Бетондар. Конструкциялардан алынған сынамалар бойынша беріктікті анықтау әдістері.

ГОСТ 32965-2014 Жалпы пайдаланымдағы автомомбиль жолдары. Көлік ағынының қарқындылығын есепке алу әдістері.

ГОСТ 33220-2015. Жалпы пайдаланымдағы автомомбиль жолдары. Пайдалану жай-күйіне қойылатын талаптар.

ГОСТ 33388-2015. Жалпыға ортақ автомобиль жолдары. Диагностикалауға және паспорттауға қойылатын талаптар.

ҚР ВН 3.1-001-2024 Автомобиль жолдары.

ҚР ҚН 1.03-03-2023 Құрылыстағы геодезиялық жұмыстар.

ҚР ҚН 3.03-01-2013 Автомобиль жолдары .

ҚР ҚН 3.03-04-2014 Қатты емес жол төсемдерін жобалау.

ҚР ҚН 3.03-12-2013 Көпірлер мен құбырлар .

ҚР ЕЖ 3.03-101-2013 Автомобиль жолдары.

ҚР ЕЖ 3.03-104-2014 Қатты емес жол төсемдерін жобалау.

ҚР ЕЖ 3.03-103-2014 Қатты жол төсемдерін жобалау.

ҚР ЕЖ 1.03-106-2012 Құрылыстағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік.

ҚР ЕЖ 3.03-111-2013 Темір жол және автомобиль туннельдері.

ҚР ЕЖ 3.03-113-2014 Көпірлер мен құбырлар. Тексеру және сынау ережелері.

ҚР ЕЖ 3.03-112-2013 Көпірлер мен құбырлар.

ҚР ЕЖ 2.02-101-2022 Ғимараттар мен құрылыстардың өрт қауіпсіздігі.

ҚР ВЕЖ Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары. Автожол туннельдерін күтіп-ұстау (ҚР Көлік министрлігінің Автожол комитеті төрағасының 2024 жылғы 4 қазандағы № 124 бұйрығымен бекітілген).

ҚР ЕР 218-03-2016 Жол жабындарының тегістігін бағалау жөніндегі нұсқаулық.

ҚР ЕР 218-19-2023 Көктемгі және күзгі тексеру кезінде автомобиль жолдарын күтіп-ұстау сапасын бағалау жөніндегі нұсқаулық.

ҚР ЕР 218-29-2016 Автомобиль жолдарын жөндеу және күтіп-ұстаудың техникалық ережелері.

ҚР ЕР 218-55-2013 Автомобиль жолдарында беттік өңдеулерді орнату бойынша нұсқаулық.

ҚР ЕР 218-21-2021 Қазақстан Республикасындағы автомобиль жолдарын салу, жөндеу және күтіп-ұстау кезінде қоршаған ортаны қорғау жөніндегі нұсқаулық.

Ескерту : Ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді пайдаланған кезде сілтеме жасалған стандарттар, жіктеуіштер және нормативтік құжаттардың жарамдылығын ағымдағы жылғы жағдай бойынша стандарттау жөніндегі құжаттардың жыл сайынғы жарияланатын каталогымен және ағымдағы жылы жарияланған стандарттардың тиісті кезеңді түрде жарияланатын ақпараттық индекстерімен салыстырып тексерген жөн. Егер сілтеме жасалған құжат ауыстырылса (түзетілсе), онда ауыстырылған (түзетілген) құжат осы құжатты пайдалану кезінде пайдаланылуы тиіс. Егер сілтеме жасалған құжат ауыстырусыз жойылса, онда оған сілтеме жасалған ереже осы сілтемеге әсер етпейтін дәрежеде қолданылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы құжатта ҚР СТ 1053, ҚР СТ 1219, ҚР СТ 1279, ҚР СТ 1293, ГОСТ 1.1, ГОСТ 33388, ҚР ВН 3.1-001-2024 және [1] -[12] сәйкес терминдер қолданылады.

4 Жалпы ережелер

4.1 Жолдардың қауіпсіздігі мен пайдалану сенімділігін басқару жүйесі жол элементтерінің пайдаланымдық жай-күйі, олардың ұзындығы, техникалық сипаттамалары, инженерлік жабдықтар мен құрылыстардың бар екендігі, қозғалыс жағдайы туралы дұрыс ақпаратты қамтамасыз ететін жолдардың, көшелердің және жасанды құрылыстардың диагностикасы, көлік-пайдалану жай-күйін бағалау және паспорттау жөніндегі жұмыстардан тұрады және пайдалануды жоспарлау және жөндеу, демалыс шараларын жоспарлау жөніндегі шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

4.2 Жолдардың көліктік-пайдалану жай-күйін диагностикалау мен бағалаудың міндеттері:

- жолдар мен жол құрылыстарының жай-күйін зерттеу және бағалау;
- алынған мәліметтерді нормативтік талаптармен салыстыру;
- жөндеу шараларының негіздемесі мен мақсаты;
- жолдар мен жол құрылымдары желісінің көліктік-пайдалану жағдайы туралы деректер қорын қалыптастыру және жаңарту.

4.3 Жолдар мен жол құрылыстарының көліктік-пайдалану жай-күйін паспорттау, диагностикалау және бағалау бойынша жұмыстарды сандық аппараттық-бағдарламалық кешенді пайдалана отырып, аккредиттелген (аттестатталған) жылжымалы зертханалармен, тиісті аспаптармен және жабдықтармен жабдықталған, кемінде 5 (бес) жыл ұқсас тәжірибесі бар мамандандырылған ұйымдар жүзеге асыруы тиіс.

Автомобиль жолдарын диагностикалау және паспорттауды жүргізу кезінде стандартты, бірыңғай және сертификатталған жабдықты пайдалану қажет. Зерттеулер жүргізу алдында өлшеу аспаптары калибрленуі қажет.

Мамандандырылған ұйымдар автомобиль жолдарын диагностикалау мен паспорттауды жүргізген кезде олардың штатында тиісті білімі мен біліктілігі бар жоғары білікті кадрлар болуы тиіс.

Автомобиль жолын зерттеу жұмыстары қауіпті болып саналады. Осы жұмысқа қатысатын барлық адамдар қолданыстағы қауіпсіздік ережелерін, сондай-ақ басқа да ведомстволық ережелер мен нұсқауларды қатаң және мұқият орындауы керек. Тікелей жол бойында зерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде [11] талаптарын сақтау қажет. Жұмыстың жаңа әдістерін және жылжымалы зертханаларды пайдалану кезінде арнайы әзірленген нұсқаулықтар мен нұсқаулардың талаптары сақталуы керек.

4.4 Автомобиль жолдары мен жол құрылыстарының көліктік-пайдалану жағдайын диагностикалау және бағалау олардың бүкіл қызмет ету мерзімі ішінде жыл сайын жүргізіледі. Тексерулердің көлемі мен жиілігі жол санатына, қозғалыс қарқындылығына және аймақтың климаттық жағдайларына байланысты.

4.5 Жолдардың көліктік-пайдалану жай-күйін диагностикалау және бағалау түрлері:

- кешенді (жолдың жай-күйі параметрлерінің барлық жиынтығын бақылау);
- таңдамалы (жеке сипаттамаларды бақылау: беріктік, тегістік, кедір-бұдырлық, ілінісу қасиеттері және т.б.).

ҚР ВН 7.1-002-2025

4.6 Міндетті кешенді диагностикалау келесі жағдайларда жүргізіледі:

- жолды салудан, реконструкциялаудан немесе күрделі жөндеуден кейін пайдалануға беру кезінде;
- жөндеу жұмыстарының жоспарын немесе реконструкциялау жобасын дайындау кезінде.

4.7 Жолдың жай-күйінің өзгеру динамикасын бақылау, күтіп-ұстау мен жөндеуді болжау және жоспарлау үшін жекелеген параметрлердегі жол төсемінің беріктігі, тегістігі, сораптардың тереңдігі, кедір-бұдырлығы, ілінісу апасы, көлік ағынының сипаттамалары) жолдардың көліктік-пайдалану жай-күйін мерзімді диагностикалау және бағалау жүргізілуі тиіс.

4.8 Қосымша ақпараттың нақты көлемі жұмыстарды орындауға арналған шартпен анықталады.

4.9 Диагностикалау нәтижелері жол желісінің дерекқорын құрайтын ақпаратты ұсыну нысандары (АҰН) түрінде ұсынылады (А қосымшасы). АҰН пайдалану мақсаттарға байланысты өзгереді:

- реконструкциялау және күрделі жөндеу (АҰН 1, 3, 4, 5, 15, 21, 24-26, 29-35);
- орташа жөндеу және қалпына келтіру (АҰН 1, 5, 7, 8, 15-20, 27, 28);
- жергілікті ақауларды жою («тар жерлерді») (АҰН 1, 2, 5 (телімдер бойынша), 6-10, 14, 15, 17, 19, 20, 24-28, 32-35).

Республикалық деңгейде басқару мәселелерін шешу үшін АҰН 1-5, 9,10, 14-16, 20, 23, 32-35 нысандары бойынша, ал облыстық деңгейде АҰН 1-35 нысандары бойынша мәліметтер пайдаланылады.

4.10 Көпірлер мен басқа да жасанды құрылыстарды егжей-тегжейлі диагностикалау ҚР СТ 1856, ҚР ҚН 3.03-12, ҚР ЕЖ 3.03-113 талаптарына сәйкес жүргізілуі тиіс.

4.11 Жолдардың көліктік-пайдалану жай-күйін диагностикалау және бағалау нәтижелері пайдалану жағдайын анықтауға және қажетті жөндеу және күтіп-ұстау шараларының көлемін анықтауға мүмкіндік береді.

4.12 Диагностикалау деректері негізінде жүк көтергіштігін есептеуді, жөндеу жұмыстары арасындағы уақытты анықтауды және қаржыландыру басымдықтарын қамтамасыз ететін деректер қоры құрылады.

4.13 Барлық жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары және олардағы жол құрылыстары паспорттауға жатады.

4.14 Паспорт бүкіл жолға, жеке учаскеге немесе әкімшілік аймақтың шегіне ресімделуі мүмкін.

4.15 Паспортты ресімдеуге негіз болып жолды аспаптық зерттеуден алынған мәліметтер және жобалық-сметалық, атқарушылық құжаттама (жаңа объектілер үшін) табылады.

4.16 Автомобиль жолының мынадай негізгі элементтері паспорттауға жатады:

- жолдың геометриялық параметрлері (ені, еңісі, қисықтары, жол жамылғысы);
- қиылыстар мен түйіспелер;
- жасанды құрылыстар (көпірлер, өтпе жолдар, виадуктар, құбырлар, жерасты және жер үсті жаяу жүргіншілер өткелдері, тірек қабырғалар, туннельдер мен галереялар, су бұру науалары және т.б.);
- желілік жол қызметінің ғимараттары мен құрылыстары (шеберханалар, гараждар, қоймалар және т.б.);
- жолды инженерлік жайластыру элементтері (жол белгілері, жол таңбалары, қоршаулар, жарықтандыру, инженерлік коммуникациялар, бағыттаушы құрылғылар, сигнал бағандары және т.б.);

- жол сервисі және қозғалысты қамтамасыз ету объектілері (автобус аялдамалары, демалыс алаңдары, көліктерді тоқтату және қоюға арналған аймақтар, күту павильондары және т.б.);

- арнайы автоматтандырылған өлшеу құралдары (ААӨҚ).

4.17 Паспорттауға жататын жол элементтеріне мыналар да жатады:

- өтпелі жылдамдықты жолақтар;
- жылжымалы қар ұстайтын қалқандар мен тұрақты қоршаулар;
- жасанды құрылыстар мен әртүрлі деңгейдегі жол айырықтарының байланыс және жарықтандыру желілері;

- бағдаршамдар мен қозғалысты басқарудың автоматтандырылған жүйелері;

- бөлінген алап шегіндегі коммуникациялар;

- қауіпсіз және ыңғайлы қозғалысты қамтамасыз ететін басқа да элементтер.

4.18 Жол паспортында жол бойында қардан қорғайтын және сәндік орман екпелерінің болуы туралы мәліметтер қамтылады.

4.19 Паспортта жол сервисі объектілері мен қызметтік пункттер туралы мәліметтер де бар, оның ішінде:

- автостанциялар мен автовокзалдар;
- жол полициясының посттары, бақылау-диспетчерлік пункттер, ақы алу пункттері, тасымалдау бекеттері;

- қонақ үйлер мен мотельдер;

- техникалық қызмет көрсету станциялары (ТҚКС);

- жанармай құю станциялары (ЖҚС);

- жуу пункттері;

- қоғамдық тамақтану кәсіпорындары (кафелер, мейрамханалар, асханалар);

- алғашқы медициналық көмек пункттер, сондай-ақ байланыс объектілері (пошта, телеграф, телефон);

- жеке тұрған қоғамдық дәретханалар.

Сонымен қатар, жол паспортында келесі мәліметтер кіреді:

- елді мекендердің болуы туралы;

- көлік ағыны қозғалысының орташа тәуліктік қарқындылығы туралы;

- тротуарлар мен жаяу жүргіншілер жолдарының болуы туралы;

- паромдық өткелдер туралы (бар болса).

4.20 Паспорттау жұмыстары аяқталғаннан кейінгі негізгі құжат:

- сызықтық кестесі бар жолдың техникалық паспорты. Сызықтық кестесі бар жолдың техникалық паспортының нысаны Н қосымшасында келтірілген. Сызықтық кестенің нысаны қолданылатын зертханаға байланысты әр түрлі болуы мүмкін;

- қолданыстағы жасанды құрылыстардың карточкасы (паспорт): көпір (өтпежол), су өткізгіш құбырлар. Көпір (өтпежол) мен су өткізгіш құбыр паспортының үлгісі М қосымшасында келтірілген.

4.21 Қосымша жол паспортында қолданыстағы жол белгілері мен таңбаларының орналасқан жерін көрсететін қозғалысты басқарудың жеке кестесі ұсынылады. Мұндай кестені І және ІІ санаттағы жол учаскелерінде толтырған жөн. Толтырылған қозғалысты басқару кестесінің мысалы Н қосымшасында берілген. Қозғалысты басқару кестесінің нысаны пайдаланылатын зертханаға байланысты әр түрлі болуы мүмкін.

4.24 Паспорт электронды түрде жүргізіледі.

4.22 Туннельдерді (туннельдік өткелдерді) арнайы зерттеу және паспорттау мыналарды ескере отырып жүргізіледі:

- зерттеу жұмыстарының әдістемесі және техникалық жай-күйін бағалау;

- құрылыстар мен инженерлік жүйелердің (пайдалану құрылғылардың) ақаулары мен техникалық жай-күйін жіктеу;

ҚР ВН 7.1-002-2025

- техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын жіктеу;
- пайдалану және жөндеу режимі бойынша ұсынымдар;
- автожол туннелінің Техникалық паспортының және Туннель өткелін зерттеу актісінің нысаны.

4.23 Жол деректер базасы үшін деректерді жинау бойынша жұмыстарды жүргізу кезеңділігі:

1) автомобиль жолын паспорттау - кемінде 5 жылда бір рет немесе салудан, реконструкциялаудан, сондай-ақ күрделі жөндеуден кейін;

2) автомобиль жолдары мен жол құрылыстарының көліктік-пайдалану жай-күйін диагностикалау және бағалау кемінде 5 жылда бір рет немесе салу, реконструкциялау, сондай-ақ пайдалануға қабылдағанға дейін немесе қажет болған жағдайда күрделі жөндеуден кейін жүргізіледі .

Ескертпе - Кезектен тыс диагностикалау жолдар мен құрылыстардың жай-күйіне әсер етуі мүмкін төтенше жағдайлардан кейін жүргізіледі.

4.25 Зерттеудің құрамы, көлемі және әдістері қолда бар құжаттаманың толықтығымен, объект туралы басқа ақпараттың болуымен, құрылымның техникалық жай-күйімен, оның жекелеген элементтерінің тексеруге қолжетімділігімен анықталады.

4.26 Автомобиль жолдарын диагностикалау және паспорттау жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде қолданылатын барлық өлшеу құралдарында өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген тәртіппен берілген қолданыстағы тексеру туралы куәлік немесе сәйкестік сертификаты болуы тиіс.

4.27 Өлшеу құралдарының әрбір типі үшін аралық тексеру интервалы өндірушінің нормативтік құжаттамасына немесе ұлттық стандарттарға сәйкес белгіленеді.

4.28 Өлшемдер мемлекеттік тексеру жүйесі арқылы ұлттық эталондарға негізделуі керек. Тексеру нәтижелері сақталуы және есеп беру құжаттамасының құрамында бақылау үшін қолжетімді болуы тиіс.

4.29 Тексеру мерзімі өткен өлшеу құралдарын қолдануға жол берілмейді.

4.30 Диагностика мен паспорттауды орындайтын ұйымдар тексерулерді есепке алу журналын жүргізуге және аспаптарға метрологиялық қызмет көрсетуді уақтылы жүргізуге міндетті.

5 Автомобиль жолдары мен жол құрылыстарында диагностикалау жұмыстарының тәртібі

5.1 Жұмыстарды орындау кезеңдері

Жолдар мен жол құрылыстарының көліктік-пайдалану жай-күйін диагностикалау және бағалау бойынша жұмыстар келесі реттілікпен жүзеге асырылады:

- ұйымдастыру және дайындық жұмыстары;
- бастапқы ақпаратты жинау;
- дала жұмыстары;
- зертханалық зерттеулер;
- камералық жұмыстар;
- жөндеу шараларын негіздеу және тағайындау арқылы диагностикалау нәтижелері бойынша есеп құрастыру;
- жолдардың көліктік-пайдалану жай-күйін бағалау;

- автомобиль жолдары мен жол құрылыстары желісінің көліктік-пайдалану жай-күйі туралы деректер қорын қалыптастыру (жаңарту).

5.2 Ұйымдастыру және дайындық жұмыстары

5.2.1 Алдын ала ақпараттық талдау негізінде жолдарды диагностикалау шартында қамтылған кестені ескере отырып, түсіру бағыты, жұмыстың реттілігі және мерзімі анықталады. Сынау әдістері мен көлемін анықтайтын далалық жұмыс жоспары жасалады.

Жұмыстар жол полициясы органдарымен және облыстық автомобиль жолдары басқармаларымен келісіледі.

5.2.2 Дайындық жұмыстарына көлікті, жылжымалы жол зертханаларын, аспаптар мен жабдықтарды дайындау, бригадаларды жасақтау, тиісті нысандарды, журналдарды дайындау және т.б. кіреді.

5.2.3 Тексеруге жататын жолдар алдын ала жүру бөлігінің ені мен қозғалыс жолақтарының саны, жол төсемелері мен жер жамылғысының конструкциялары, автомобильдер қозғалысының қарқындылығы мен құрамы әртүрлі сипаттағы учаскелерге бөлінеді. Жолдардың тиісті учаскелерінің шекараларының пикеттік орналасуы туралы деректерді түсіреді.

5.2.4 Салынған, жөнделген және реконструкцияланған жол учаскелері туралы бастапқы ақпаратты талдау негізінде осы учаскелердің мекенжайлары мен ұзындығы белгіленеді.

5.2.5 Соңғы үш жылдағы жол ұйымдарында бар жол қозғалысы жазбалары негізінде әрбір сипаттамалық жол учаскесіндегі қозғалыс көлемі мен құрамы анықталады. Қозғалысты бқылау есепке алу орындары белгіленді.

5.3 Бастапқы ақпаратты жинау

5.3.1 Кейіннен дала жұмыстарының көлемін анықтайтын бастапқы ақпаратты жинау автомобиль жолдары мен жол құрылыстарының көліктік-пайдалану жағдайын диагностикалау және бағалау бойынша жұмыстың бастапқы кезеңі болып табылады. Талданатын бастапқы ақпарат мыналарды қамтиды:

Жалпы ақпарат:

- автомобиль жолының атауы;
- ұзындығы;
- учаскелер бойынша берілген және перспективалық техникалық санат;
- жолға қызмет көрсететін жол ұйымдары;
- жол-климаттық аймақ;
- жөндеу түрі мен мекенжайын көрсете отырып, жүргізілген салу, реконструкциялау және жөндеу жұмыстарының жылдары;
- учаске мекенжайларын көрсете отырып, жамылғының типі мен түрлері;
- бөлу жолағы бар екенін көрсете отырып, қозғалыс жолақтарының саны.

5.3.2 Қозғалыс қарқындылығы және көлік ағынының құрамы туралы ақпарат.

5.3.3 Соңғы 3-5 жылдағы жол-көлік оқиғалары туралы ақпарат;

5.3.4 Жол жамылғысы туралы ақпарат:

- ылғалдылық жағдайына сәйкес жер бедерінің типі;
- жол жамылғысы топырағының типі;
- жол жамылғысының ені;
- еңістердің тіктігі;
- су бұрумен қамтамасыз етілуі және т.б.

ҚР ВН 7.1-002-2025

5.3.5 Жол төсемесі туралы ақпарат:

- материалдар мен қабат қалыңдығын көрсете отырып, жол төсемесінің конструкциясы;

- жол жамылғысы конструкциясының есептік сипаттамалары;

- қажетті серпімділік модулі;

- алдыңғы жолды зерттеу мәліметтері (жол төсемесінің беріктігін визуалды бағалау, жол төсемесі беріктігінің нәтижелері, жамылғылардың тегістігі және т.б.);

5.3.6 Геометриялық параметрлер мен сипаттамалар туралы ақпарат (жүру бөлігі мен жиектің ені, жүру бөлігі мен жиектің бойлық және көлденең еңістері және т.б.);

5.3.7 Қосымша ақпарат:

- елді мекендер туралы мәліметтер (мекен-жайы, атауы).

- қиылыстар мен түйіспелер туралы мәліметтер;

- автобус аялдамалары, демалыс аяндары, сервис объектілері және т.б. туралы мәліметтер;

- жолды жайластыру және жабдықтау туралы мәліметтер (километрлік белгілер, сигналдық бағандар, қоршаулар және олардың конструкцияларының материалдары және т.б.);

5.3.8 Құбырлар мен көпірлер туралы ақпарат.

5.3.9 Кез келген ақпараттың болмауы оны алу үшін тиісті жұмыс түрлерін, соның ішінде далалық жұмыстарды орындауды қажет етеді.

5.4 Далалық жұмыстар

5.4.1 Далалық зерттеулер жолдар мен жол құрылыстарының жекелеген элементтерін тексеруді және визуалды бағалауды, сондай-ақ қарапайым өлшемдер арқылы да, жылжымалы мамандандырылған зертханаларды пайдалана отырып та, параметрлер мен көліктік және пайдалану сипаттамаларын аспаптық өлшеуді қамтиды.

5.4.2 Далалық жұмыстар келесі жұмыс түрлерін қамтиды:

- жол төсемесінің беріктігін және жол жамылғысының жай-күйін визуалды бағалау;

- жол төсемесінің беріктігін аспаптық бағалау;

- жол жамылғысының және су бұрғыштың жай-күйін визуалды бағалау;

- жамылғының бойлық тегістігін бағалау;

- жол жамылғысының ілінісу қасиеттерін бағалау;

- көлденең тегістікті (сораптылық) бағалау;

- қозғалыс қарқындылығы мен көлік ағынының құрамын есепке алу;

- жолдың геометриялық элементтерінің параметрлерін анықтау;

- жол және жол бойындағы сервис объектілерінің болуы;

- су өткізгіш құбырларды тексеру.

5.4.3 Далалық зерттеу деректері ақпаратты ұсыну нысандарына (А қосымшасы, АҚН 3-28) енгізіледі.

5.4.4 Жол төсемелерінің беріктігін бағалау олардың нақты беріктігінің заманауи немесе перспективалық қозғалыс жағдайларына сәйкестігін белгілеуге арналған..

Қатты емес жол төсемелерінің беріктігін бағалау ҚР ҚН 3.03-04 және ҚР ЕЖ 3.03-104 , ҚР СТ 1293 , ҚР СТ 1377 , ҚР ВН 3.1-001, ҚР ҚН 3.03-01, ҚР ЕЖ 3.03-101 және [4] талаптарына сәйкес жүзеге асырылады .

5.4.5 Қатты емес жол төсемелерінің беріктігі үш өлшемшарт бойынша есептеледі:

- қажетті серпімділік модулін анықтауды ескере отырып, серпімді иілу бойынша есептеу;

- құрылымдық қабаттар материалдарының және жер жамылғысы топырақтарының ығысуға төзімділігінің жағдайы бойынша есептеу;

- жол төсемесінің монолитті қабаттарының иілу кезіндегі созылуға қарсылығы бойынша есептеу.

5.4.6 Жол жамылғысының, жол жиегінің және еңісінің жай-күйін визуалды бағалау жол төсемесінің беріктігін және жол жамылғысының жай-күйін визуалды бағалаумен бірге орындалады.

5.4.7 Деформациялар мен ақаулар 1-кестеде көрсетілгендерге сәйкес белгіленеді .

5.4.8 Жол жиегінің жай-күйін бағалау үшін келесі шкала қолданылады:

- қанағаттанарлық – жол жиегі нығайтылған және деформациялары мен ақаулары жоқ, көлденең еңіс жауын-шашын кезінде жер үсті суларының дұрыс ағуын қамтамасыз етеді, жамылғымен түйісу нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келеді;

- қанағаттанарлықсыз - жол жиегі нығайтылмаған немесе жиекте судың тұрып қалуына ықпал ететін деформациялар (сораптар, ойықтар, шөгулер және т.б.) бар немесе көлденең еңіс жер үсті суларының ағуын қамтамасыз етпейді немесе жиектің еңісі 100 %-ден жоғары, жиектің жүру бөлігімен түйісуі нашар.

5.4.9 Еңістердің жай-күйін бағалау үшін келесі шкала қолданылады:

- қанағаттанарлық – еңістер нығайтылған және деформациясы жоқ, шөп шабылған, тегіс болып көрінеді және тіктігі кемінде 1:1,5 (көзбен), ал 1985 жылдан кейін салынған жолдар үшін 1:4 - I-III санаттағы жолдар үшін 3 м-ге дейін үйінді биіктігімен, және V және IV санаттағы жолдар үшін - 1:3 дейін биіктікпен;

- қанағаттанарлықсыз – еңістер нығайтылмаған және айқын көрінетін деформациялары бар, еңістердің тіктігі жоғарыда көрсетілген талаптардан төмен екені анық.

1-кесте – Жол жамылғысының, жиектердің және еңістердің деформациялары мен бұзылуларының жіктемесі

Деформацияның, ақаудың түрі	Сипаттамалық белгілері
1. Жол жамылғысы	
1.1 Үйіндінің отыруы	Нығыздаудың жеткіліксіздігінен немесе шамадан тыс ылғалдандыру салдарынан жер жамылғысы топырағының барлық қалыңдығы бойынша тік шөгуі (төмендеуі).
1.2 Үйіндінің шөгуі	Су-жылу режимінің бұзылуына, пайдалану процесінде әлсіз негіздердің баяу тығыздалуына байланысты жол жамылғысы топырағының жергілікті төмендеуі, үйінді табанында төмендеудің немесе іргетас материалы дөңес болған кезде төбешіктің пайда болуы.
1.3 Ісінулер	Топырақтың жекелеген түрлерінің қатып, кейіннен батпақтанумен байланысты жол жамылғысының жергілікті көтерілуі және ісінуі .
1.4 Шайылулар	Еріген жер үсті суларының және жауын-шашынның әсерінен жол жамылғысының пішіні мен көлемінің (массасының) өзгеруі. Арық беткейлерінің (резервтер) түбінің зақымдануы.
1.5 Ығысу	Төменгі жағында топырақтың шөгуімен және төбешіктенуімен жол осіне көлденең бағытта жол учаскесінің көлбеу негізі бойынша үйіндінің жылжуы.
1.6 Үйіндінің жылжуы	Көлбеу учаскелердегі жылжымалы бет бойымен үйінді беткейлерінің төменге қарай жылжуы. Беткейге қарай еңістің пайда болуымен көлденең қиманың күрт қисаюы. Жол

1-кестенің соңы

Деформацияның, ақаудың түрі	Сипаттамалық белгілері
	жиектерінде, беткейлерде бойлық жарықшақтардың пайда болуы, үйінді табанында бөлінген топырақтың тұнуы. Сырғудың себептері: жер жамылғысы үйіндісінің сапасыз салынуы, беріктігі төмен топырақтың болуы, ылғалдың жоғарылауы, үйіндінің төменгі қабаттарының дұрыс тығыздалмауы.
2. Жол жиектері	
2.1 Сорап	Көлік құралының нығайтылы жеткіліксіз және тығыздалмаған жиекке әсер етуінен пішіннің бұзылуы.
2.2 Нығайтылмаған жиек	Осы мақсаттар үшін қолданылатын материалмен нығайтылмаған жиек.
2.3 Жиектің кері еңісі	Жиектің кері еңісі бар, бұл оның және жолдың арасындағы судың тоқырауына ықпал етеді.
2.4 Нашар түйісу	Жол жиектерінің жамылғымен деңгейінен 3 см жоғары немесе төмен түйісетін жерлері.
2.5 Шөгулер	Дөңгелек ойыстар ретінде көрінетін пішіннің бұзылуы.
2.6 Жол жиегіндегі ойықтар	Пішіннің күрт қисаюымен жиектің жол төсемінің негізіне дейін және одан төмен тереңдікте бұзылуы
2.7 Шайылулар	Жер үсті суларының әсерінен жол бойымен жол жиегінің шайылуы.
2.8 Сырғу	Құлаа жаққа қарай айтарлықтай еңістің пайда болуымен көлденең пішіннің күрт қисаюы (әдетте еңістің сырғуы нәтижесінде).
3. Құламалар	
3.1 Шөгінді, құлау, опырылу	Құлама материалының жол бетіне бөлініп шығуы және ығысуы. Жол жамылғысы табанында әртүрлі көлемдегі тау жыныстарының жинақталуы.
3.2 Ойықтар	Жер үсті суларының әсерінен құламалардың жолға көлденең шайылуы.
3.3 Сынықтар	Жиек сынығының өршуі нәтижесінде құламаның бұзылуы.
3.4 Сырғу	Көлбеу учаскелерде үйінді құламасының табанға қарай сырғуы. Құламаға қарай 100 % жоғары еңістің пайда болуымен көлденең пішіннің күрт қисаюы. Жиектерде, құламаларда бойлық жарықшақтар орын алған. Бөлінген топырақтың үйінді табанында шөгуі. Әдетте, үйіндінің екінші жағы берік болып қалады.

5.4.10 Ақауларды бағалау және сипаттау километрлік тіректерге байланған километрлер бойынша және жолдың тікелей бағытын ескере отырып, солға және оңға бөлек жүргізіледі. Бір километрдегі жол жиектерінің немесе құламалардың жай-күйі айқын өзгерген жағдайда, ± 100 м дәлдікпен километрлік бағанаға байланыстырылады.

5.4.11 Көлік құралы алға жылжыған кезде, еңістерді және жиектерді визуалды бағалаудан басқа, жол бөлігінен және жиектерден су бұруды қамтамасыз ету келесіндей бағаланады: «иә» - суды бұру қамтамасыз етілген; «жоқ» - су бұру қамтамасыз етілмеген.

5. 4.12 Жол төсемдерінің тегістігін өлшеу және далалық материалдарды өңдеу ҚР СТ 1219 сәйкес әртүрлі аспаптар мен өлшеу құралдарын және ҚР ЕР 218-03 арқылы жүзеге асырылуы тиіс .

5.4.13 Жамылғылардың тегістігін өлшеу үшін жұмыс қағидаты бойынша ерекшеленетін әдістер мен құрылғылар қолданылады:

1) тегіссіздіктердің геометриялық параметрлерін есепке алу әдісі (тікелей өлшеу) – жол төсемінің тегіссіздігінің геометриялық параметрлерін беттің тегістігін бағалауға арналған арнайы құрылғылар мен жабдықтарды пайдалана отырып өлшеу;

2) импульстік әрекетті құрылғыларды (механикалық немесе электрлік импульстің шамасын немесе көлік құралының жеке бөліктерінің тегіс емес бетке басу кезіндегі қозғалысын өлшеу, жол төсемінің тегістігін жанама түрде сипаттайтын) көмегімен тербеліс амплитудасын тіркеу әдісі - тербеліс параметрлерін тіркейтін әртүрлі құрылғылар;

3) инерциялық әсер ету құрылғыларын қолданатын әдіс (жолдың бойлық пішінін динамикалық түрлендіру) – тегіс емес бетке басу нәтижесінде пайда болатын серпілген массаның тік тербелістері және т.б. өлшенетін құрылғылар қолданылады.

5.4.14 Тегіссіздіктерді өлшеуге арналған бақылау әдістері бірінші топқа жіктелген тікелей өлшеу әдістері болып табылады.

5.4.15 Тегістілікті өлшеу күрделі, жеңіл және өтпелі типтегі жол төсемдерінде жүргізіледі.

5.4.16 Жол жамылғыларының бойлық тегістігін бағалау бойынша жұмыс көзбен шолумен бірге жүргізілуі мүмкін.

5.4.17 Жол төсемдерінің бойлық тегістігін бағалау кезінде үздіксіз немесе таңдамалы өлшемдер орындалады.

Ұзындығы 1 км-ден асатын жол учаскелерін түсіру кезінде үздіксіз өлшеулер, ал 1 км-ден аз учаскелерді түсіру кезінде таңдамалы өлшемдер жүргізіледі.

Таңдамалы өлшемдер жол-көлік оқиғалары көп шоғырланған аумақтарды, қауіпті жол учаскелерін, апат болған жол учаскелерін, жөнделген учаскелерді зерттеу кезінде жүргізіледі.

5.4.18 Біркелкілікті іріктеп өлшеу нивелирлерді, үш метрлік төрткілдештерді немесе басқа модификациядағы төрткілдештерді қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Төрткілдештер (әртүрлі модификациядағы) жол құрылысы және қабылдау жұмыстары кезінде тегістікті тексеру үшін және жолды пайдалану кезінде тегістікті іріктеп тексеру үшін қолданылады.

5.4.19 Бойлық тегістікті үздіксіз өлшеу әдетте дүмпу өлшеуіштерді немесе жылжымалы қондырғыларды қолдану арқылы жүзеге асырылады .

5.4.20 Дүмпу өлшеуіштермен өлшеулерді жүргізу кезінде тегістілікті бағалау ҚР ЕР 218-03 сәйкес жүргізіледі .

5.4.21 Көрсеткіштері базалық көрсеткішке келтірілуі тиіс тиісті аспаптармен және жабдықтармен жарақтандырылған жылжымалы жол зертханаларын халықаралық тегістік индексінің (IRI) көрсеткіштеріне өту мүмкіндігімен пайдалануға жол беріледі етіледі.

5.4.22 Жабдық көрсеткішінен IRI көрсеткішіне түрлендіру үшін корреляциялық сынақтар ҚР ЕР 218-03 сәйкес әрбір өлшеу қондырғысы үшін жеке жүргізілуі керек.

Қазақстандағы автомобиль жолдары үшін халықаралық тегістік индексі (IRI) бойынша жол төсемінің тегістік нормалары ҚР ЕР 218-03 көрсетілген.

Тегістік бойынша қозғалыс қауіпсіздігі жағдайларына қойылатын талаптар ГОСТ 33220, ҚР СТ 1912 бойынша қойылады.

5.4.23 ҚР СТ 1219 жол төсемінің тегіссіздігіне негізделген жіктелуін қамтамасыз етеді, мұнда жол жамылғысының жай-күйінің әртүрлі сипаттамалары үшін дүмпу

ҚР ВН 7.1-002-2025

өлшегіш (см/км) және IRI (м/км) халықаралық тегістік индексі арқылы тегістік көрсеткіштері үшін шамамен мәндер беріледі.

5.4.24 Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жол төсемдеріне арналған ілінісу мен кедір-бұдырлық коэффициенттерінің рұқсат етілген мәндері ҚР ЕЖ 3.03-10, ҚР СТ 1279 нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес болуы керек.

5.4.25 Автокөлік дөңгелектерінің жол төсемесімен ілінісу коэффициенті және кедір-бұдырлық параметрлері ҚР СТ 1279 сәйкес өлшенеді.

5.4.26 Рұқсат етілген және шекті рұқсат етілген сорап тереңдіктеріне қойылатын талаптар, олардың қозғалыс қауіпсіздігіне әсерін ескере отырып, ҚР ЕР 218-29 сәйкес 2-кестеде келтірілген.

2-кесте – Сорап параметрлері бойынша жолдың жай-күйін бағалау шкаласы

Қозғалыстың есептік жылдамдығы, км/сағ	Сорап тереңдігі, мм	
	рұқсат етілген	шексіз рұқсат етілген
> 120	4	20
120	7	20
100	12	20
80	25	30
60 және одан аз	30	35

5.4.27 Жолдардың сорап тереңдігі бойынша пайдалану жағдайы әрбір жеке учаске үшін орташа есептелген ойық тереңдігі h_{ks} 2-кестеге сәйкес рұқсат етілген және шексіз рұқсат етілген мәндермен салыстыру арқылы бағаланады.

Рұқсат етілген шексіз мәндерден асатын сорап тереңдігі бар жол учаскелері көлік құралдарының қозғалысы үшін қауіпті болып саналады және оларды тез арада жою жұмыстарын жүргізуді қажет етеді.

6 Автомобиль жолдарының көліктік-пайдалану жай-күйін бағалау әдістемесі

6.1.1 Автомобиль жолдарының көліктік-пайдалану жай-күйін бағалаудың мақсаты автомобиль жолдарының көліктік-пайдалану жай-күйін, олардың пайдалану шарттары және тұтынушылық қасиеттерінің, параметрлері мен сипаттамаларының нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестік дәрежесі туралы толық, объективті және сенімді ақпарат алу болып табылады.

6.1.2 Мақсаттары:

- автомобиль жолдарының көліктік-пайдалану жай-күйін бағалау;
- жол желісінің көліктік-пайдалану жай-күйі туралы деректер қорын қалыптастыру және жаңарту.

6.1.3 Жол учаскелерін тексеруден кейін алынған бастапқы ақпарат [3] сәйкес бағалауға жатады.

6.1.4 Автомобиль жолдарының көліктік-пайдалану жай-күйін диагностикалау және бағалау нәтижелері олардың көліктік-пайдалану жай-күйі бойынша нормативтік талаптарға сәйкес келмейтін жол учаскелерін анықтауға мүмкіндік береді.

6.1.5 Автомобиль жолдарының көліктік-пайдалану жай-күйін диагностикалау және бағалау негізінде алынған ақпарат автомобиль жолдарының дерекқорын қалыптастыру және жүйелі түрде жаңарту үшін пайдаланылады.

6.1.6 Автомобиль жолдарының көліктік-пайдалану жағдайын бағалау 3 өлшемшарт бойынша жүзеге асырылады:

- жол ақауларының аумақтық сипаттамалары (цифрлық аппараттық-бағдарламалық кешеннің көмегімен алынған аналитикалық деректер);
- ҚР СТ 1219 сәйкес IRI бойынша тегістілік көрсеткіші;
- ілінісу коэффициенті (рұқсат етілген ең жоғары мәндер ҚР СТ 1279 сәйкес қабылданады).

6.1.7 Жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша тексерілген автомобиль жолы учаскесінің көліктік-пайдалану жай-күйі нормативтік талаптарға сәйкес деп танылады, егер автомобиль жолының техникалық-пайдалану жай-күйі индексінің көрсеткіші 3-кесте бойынша 70 және одан жоғары баллға ие болса.

3-кесте – Автомобиль жолының көліктік-пайдалану жай-күйін бағалау өлшемшарттары

Сынып	Баллдар диапазоны	Сипаттама	Бағалау шкаласы
A	100-95	жаңа немесе қалпына келтірілген беттер	Сәйкес келеді
B	95-70	қалпына келтірілген беттер, рұқсат етілген зақымдар, бүкіл жолақ ені бойынша техникалық қызмет көрсетуді талап етпейтін беттер	
C	70-50	орташа жөндеуді қажет ететін зақымдалған беттер	Сәйкес келмейді
D	50-0	дереу күрделі жөндеуді немесе реконструкцияны қажет ететін зақымдалған беттер	

6.1.8 Жол төсемінің көліктік-пайдалану жай-күйін бағалау екі деңгейде жүзеге асырылады:

1) Нормативтік талаптарға сәйкес келеді - бұл орташа немесе күрделі жөндеуді қажет етпейтін жаңа, жөнделген және пайдаланылған беттердің жай-күйін анықтайтын деңгей:

- жол төсемінің параметрлері рұқсат етілген стандартты мәндер шегінде.
- жол жамылғысының жай-күйі көлік қозғалысының қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз етеді.
- учаске дереу араласуды қажет етпейді, бірақ оны жақсы жағдайда ұстау үшін жоспарлы жөндеуді қажет етуі мүмкін.

Бұл деңгей беттің жай-күйінің екі класын қамтиды:

- A класы, бұл беттің жай-күйінің жақсы екенін білдіреді;
- B класы, бұл беттің жай-күйінің қанағаттанарлық екенін білдіреді.

2) Нормативтік талаптарға сай емес - бұл жөндеу жұмыстары (орташа, күрделі немесе реконструкциялау) қажет болатын беттің жай-күйін анықтайтын деңгей:

- жол төсемінің бір немесе бірнеше параметрлері рұқсат етілген стандартты мәндерден тыс.
- жол жамылғысының жай-күйі жол қауіпсіздігіне қауіп төндіреді немесе жол жүру ыңғайлылығын төмендетеді.
- учаскеге шұғыл назар аударуды және жөндеу немесе техникалық қызмет көрсету жұмыстарын қажет етеді.

Бұл деңгей екі сыныпты қамтиды:

- C класы, бұл беттің жай-күйінің қанағаттанарлықсыз екенін білдіреді;
- D класы, бұл беттің жай-күйінің сыни екенін білдіреді.

7 Қосымша дала жұмыстары

7.1 Қозғалыс қарқындылығы мен көлік ағынының құрамын есепке алу

7.1.1 Көлік қозғалысының қарқындылығы мен құрамы туралы ақпарат жоқ экономикалық аралықтарда ҚР СТ 1378 «Қозғалыс қарқындылығын есепке алу» сәйкес көлік қозғалысының қарқындылығы мен құрамын есепке алу қажет.

7.1.2 Жолдардағы көлік ағынының қарқындылығы мен құрамын есепке алу әр түрлі жүк көтерімділігі бар көлік құралдарының санын және екі бағыттағы жолдармен жүретін осьтер санын (визуалды немесе автоматты есептегіштерді пайдалану) санаудан тұрады.

7.1.3 Қозғалыс көлемін өлшеу тәуліктік немесе қысқа мерзімді болуы мүмкін және алдын ала белгіленген күндер мен уақытта белгіленген есепке алу пункттерінде жүргізіледі. Деректердің максималды сенімділігін қамтамасыз ету және жолдың ұзындығы бойынша да, оны пайдалану жылдары бойынша да қозғалыс көлемінің өзгеру сипатын анықтау үшін қозғалыс көлемі айтарлықтай ауытқып тұратын жерлерде есепке алу ұйымдастырылады.

7.2 Жол элементтерінің геометриялық параметрлерін бағалау

7.2.1 Автомобиль жолдарының геометриялық параметрлерін бағалау кезінде жүру бөлігінің нақты ені, шеткі бекіткіш жолақтар, жол жиектері, бөлу жолағы, жер төсемінің жиегінің биіктігі, жер төсемінің еңістерінің тіктігі, көлденең еңістердің шамалары, пландағы және бойлық пішіндегі қисықтардың радиустары, пландағы және бойлық пішіндегі көріну, үйінділердің биіктігі мен сораптардың тереңдігі және басқа параметрлер белгіленеді. Ақпаратты ұсыну нысандары А қосымшасында (АҰН-5) келтірілген.

7.2.2 Тексеру кезінде жол санаты туралы деректер болмаған жағдайда ҚР СТ 2983, ҚР ҚН 3.03-101, ҚР ЕЖ 3.03-101 талаптарына сәйкес негізгі геометриялық параметрлерді стандартты көрсеткіштермен салыстыру арқылы анықталады.

7.3 Жол және жол бойындағы сервис объектілерімен қамтамасыз ету бойынша ақпарат жинау

7.3.1 Жол жол және жол бойындағы сервис объектілерімен қамтамасыз ету туралы ақпарат ҚР СТ 2476 талаптарына және ҚР ЕР 218-19 нұсқаулығының әдістемелік ережелеріне сәйкес нақтыланады (қажет болған жағдайда).

7.4 Жол-көлік оқиғалары (ЖКО) шоғырланған аумақтарды зерттеу

7.4.1 Тікелей жол жағдайында және онымен байланысты жол жағдайларында орын алған жол-көлік оқиғаларының (ЖКО) саны, мекенжайлары мен себептері туралы, сондай-ақ үзілістер мен қозғалысты шектеу жағдайлары туралы мәліметтер зерттелетін жолды күтіп-ұстауды жүзеге асыратын жол ұйымынан және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің аумақтық бөлімшелерінен сұралуы керек.

7.4.2 ЖКО шоғырланған аумақтарда олардың себептері туралы объективті ақпарат болмаған жағдайда, осы жол учаскелерін егжей-тегжейлі зерттеу, оның ішінде келесі жұмыс түрлерін жүргізу қажет:

- ЖКО орнын визуалды тексеру және сипаттау;
- есептерде көрсетілген себептердің сенімділігін бағалау;

- аспаптардың немесе жанама құм дағы әдісінің көмегімен жол төсемінің ілінісу сапасын бағалау;

- қажет болған жағдайда беттің тегістігін бағалау, бойлық еңісті, көріну қашықтығын және басқа параметрлерді анықтау.

7.4.3 ЖКО шоғырланған барлық аумақтар олардың пайда болу себептеріне қарамастан тексеруге жатады.

Тексеру кезінде кемінде 1 км (елді мекендерде кемінде 100 м) жол учаскесінің ЖКО дейінгі және кейінгі жағдайын бағалау қажет.

Магистральдарды тексеру кезінде беттердің күтіп-ұстау сапасын объективті бағалау үшін бірқатар жұмыстарды орындау қажет, оның ішінде:

- ілінісу коэффициентін өлшеу;
- жамылғы бетінің кедір-бұдырлығын өлшеу;
- жамылғының қаттылығын өлшеу;
- жамылғы бетінің және ауа температурасын өлшеу;
- қозғалыс қарқындылығы, көлік ағынының құрамы және олардың болашақта өзгеруі туралы ақпарат жинау;

- тозу қабатының құрылысына қолданылатын шағыл тастың мөлшері және жамылғы бетінің бастапқы макрокедір-бұдырлығы туралы мәліметтерді жинау.

7.4.4 ЖКО деректерін талдауды ЖКО тергеудің әдістемелік ережелерімен таныс мамандар жүргізеді.

А қосымшасына сәйкес ақпаратты ұсыну нысандарына (АҰН-2) енгізіледі.

7.5 Су өткізгіш құбырларды тексеру

7.5.1 Су өткізгіш құбырларды тексеру олардың техникалық жай-күйін анықтау және белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеру үшін жүргізіледі.

7.5.2 Су өткізгіш құбырларды тексеру қолайлы ауа райы жағдайында, конструкцияның бөліктерін тексеру үшін жағдайлар болған кезде және жұмыстың қауіпсіздік талаптарын қанағаттандыру мүмкін болған кезде жүргізілуі керек.

7.5.3 Су өткізгіш құбырды тексеру кезінде мыналар анықталады:

- құбырдың нақты мекенжайы;
- құбырдың конструкциясы мен геометриялық сипаттамасы;
- құбырдың техникалық жағдайы (ақаулардың болуы).

7.5.4 Құбырларды тексеру кезінде мыналар орындалады:

- дөңгелек құбырлардың тік және көлденең диаметрлерін, тік бұрышты құбырлар саңылауларының биіктігі мен енін өлшеу (немесе күрделі саңылау пішіндері бар құбырлардың басқа да сипаттамалық параметрлері);

- буындар арасындағы және іргетас учаскелері арасындағы (іргетас құбырлары үшін) жіктердегі саңылаулардың өлшемдерін, буындардың өзара тік деформацияларын өлшеу;

- науалардың топырақпен бітелуін анықтау;

- науа пішінін және пландағы құбыр осінің орнын тексеру.

Сонымен қатар, қажет болған жағдайда мыналар жүргізіледі:

- құрылыс осьтерінің жол осімен қиылысу бұрыштарын өлшеу;

- жер жамылғысының көлдеңін түсіру;

- конустардың, келтіру және шығару арналарының, сондай-ақ оларға жақын орналасқан су бұру құбырларының күшейтілген еңістерін тексеру;

- сайлардың пландары мен сипаттамалық қималарын түсіру, гидравликалық жұмыстың дұрыстығын тексеру;

- үйінді денесі арқылы судың сүзілуін анықтау;

ҚР ВН 7.1-002-2025

- топырақтың ісіну белгілерін анықтау.

7.5.5 Темірбетон құбырларын тексеру кезінде жарықшақтардың, бетон сынықтарының, қорғаныш бетон қабатының қалыңдығы жеткіліксіз жерлерінің, буындардың түйіспелеріндегі саңылаулардың, бетон беттеріндегі дымқыл дақтардың және басқа ақаулардың болуы анықталады.

7.5.6 Металл және гофрленген құбырларды тексеру кезінде мыналар анықталады:

- қосымша жамылғының материалы мен жай-күйі;
- мырыш жабынының сапасы мен жай-күйін;
- науаның материалының жай-күйі;
- көлденең қима пішінінің өзгеруі;
- қосылыстардың дұрыс орындалуы (бұрандалардың толық орнатылуы, бұрандаларды тарту сапасы және шайбалардың орналасуы);
- металдың жергілікті зақымдануының болуы (бұранда саңылауларының жанындағы жарықшақтар, иілулер және т.б.).

7.5.7 Су өткізгіш құбырлардың жай-күйін егжей-тегжейлі диагностикалау мен бағалауды ҚР СТ 1856, ҚР ҚН 3.03-12 және ҚР ЕЖ 3.03-113 сәйкес жүзеге асырады.

7.5.8 А қосымшасында су өткізгіш құбырларға арналған ақпаратты ұсыну нысандары (АҰН-29-31) келтірілген. Тексеру кезінде су өткізгіш құбырлардың далалық тізімдемесіне (АҰН-29) және ақаулардың далалық тізімдемесіне (АҰН-30) деректер жазылады. Алынған дала деректері су өткізгіш құбырлардың тізілімін (АҰН-31) қалыптастыру үшін пайдаланылатын компьютерлік деректер қорына енгізіледі. Құбырларды тексеру нәтижелері АҰН-32 «Шағын жасанды құрылыстарға арналған карточкаға» жазылады.

7.5.9 Ақаулар мен жұмыс түрлерінің номенклатурасы В қосымшасында келтірілген.

7.5.10 Ақауларды жою бойынша жұмыс көлемін есептеуді жеңілдету үшін В қосымшасында құбырдың бір сызықтық метріне, басына және кіріс және шығыс арналарын нығайтуға арналған жұмыс көлемі мен материал шығыны келтірілген.

7.6 Көпір құрылыстарының техникалық жай-күйін диагностикалау және бағалау жұмыстарын ұйымдастыру

7.6.1 Көпір құрылыстарын диагностикалық тексеру олардың техникалық жай-күйін анықтау және ҚР СТ 1856 және ҚР ЕЖ 3.03-113 белгіленген талаптарына сәйкестігін тексеру үшін жүргізіледі.

Көпір құрылыстарын диагностикалық тексеруді жауапты мердігердің қадағалауымен білікті мамандар жүргізуі керек.

Тексеру кезінде олардың жұмысына әсер ететін немесе ақаулардың өршуіне ықпал ететін жол құрылыстарының бұзылуына жол берілмейді. Элементтердің өлшемдерін немесе жай-күйін анықтау үшін жасалған барлық саңылаулар осы элементтер жасалған материалдарды немесе басқа балама материалдарды пайдалану арқылы жөнделуі керек.

7.6.2 Көпір құрылыстарын зерттеу келесі кезеңдерді қамтиды:

- дайындық жұмыстары;
- дала жұмыстары;
- камералдық жұмыстар.

7.6.3 Дайындық жұмыстары кезеңінде жұмыс көлемі мен құнын, бригаданы, құрал-саймандар мен жабдықтарды, мерзімдерді анықтайтын маршрут әзірленеді және жұмыс бағдарламасы жасалады. Сонымен қатар, дала жұмыстарына қажетті құжаттар (формалар, карточкалар, есептер, журналдар және т.б.) құрастырылады.

Бастапқы деректер жинақталады және талданады, яғни бұрын орындалған жұмыстардың, жобалаудың, орындаушылық және пайдалану құжаттамасының материалдарында қамтылған зерттеу объектісі туралы барлық белгілі ақпарат жинақталады және талданады.


7.6.4 Далалық жұмыстар

Далалық жұмыстардың бірінші кезеңінде келесі жұмыстар жүргізіледі:

- сызбаны салу және көпірдің негізгі элементтерін нөмірлеу;
- пикетажды жолдың километріне байланыстыра отырып бөлу;
- жол бөлігінің және тротуарлардың өлшемдерін өлшеу;
